

Сабақтың тақырыбы :

*Қазақтың ұлттық музыкалық
аспаптары.*



Үйретілетін ән :

«Тарихым әннің сазында» Т. Нағашыбаев.

Музыка сауаты :

Аспаптар

Музыка тыңдау:

Аспаптар дыбысы, күйлер, әндер.



Мақсаты :

Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарымен танысу. Аспаптар дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Музыка сауатын дамыту. Халық мұрасын қадірлеп , қас-терлеуге тәрбиелеу.

Әдісі :

Баяндау, ән үйрену .

Көрнекілігі :

Слайд, суреттер, аспаптар .

Барысы :

I . Ұйымдастыру кезеңі :

II . Үй тапсырмасын сұрау . Сұрақтар беру .

Үй тапсырмасы :

Халық музыкасы - рухани қазына .

а) Әндерді қайталау :

1 . « Сәлем саған мектебім » Л. Хамиди. 2 – шумақ .

(Сенен біліп шығармын ,
Аспан барын күн барын .
Сен арқылы ұғармын ,
Жұмбақ әлем сырларын .)

2 . « Отан » Л. Хамиди.

1 – шумақ .

(Отаным , кең далам орманды,
Болаттан соғылған қорғанды .
Бақыттың , шаттықтың мекені ,
Қолдаймын , қорғаймын ордамды).


3 . « Тойбастар » М. Қойшыбаев .

3 – шумақ

(Әлемде той деп бүгін жар саламын ,
Қонақтарды құрметпен қарсы аламын .
Төрлетіңдер , достарым , төрлетіңдер ,
Сіздер үшін біз бүгін ән саламыз .)


а) Музыкалық дыбыс қатары дегеніміз не ?

Дыбыстардың өз биіктіктері бойынша ретімен орналасуы .



б) Музыкадағы дыбыс арасын есептеу бірлігі қалай аталады ?

(Тон , жарты тон . Жарты тон – ең жақын орналасқан екі дыбыстың арақашықтығын есептеу бірлігі . Мысалы : ми – фа , си – до аралығы .)



в) Халық музыкасы дегеніміз не? Жанрларын ата.

Халық музыкасының жанрлары:

ән,

күй,

терме,

айтыс,

жыр.



ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ.



- Қағып , шертіп ойналатын ішекті музыкалық аспап. Ән
– күй орындау дәстүрінде пайдаланады.
2 ішекті, 3 ішекті , пішіні әртүрлі түрлері кездеседі.

Домбыра



– ысқышпен ойналатын ішекті аспап . Мойыны имек келетін аспап сол қол саусақтары тырнақтарының сыртын ішекке тигізу арқылы ойналады . Аспаптың шанағы терімен қапталып , ысқыштары мен ішектері жылқының қылынан жасалады . Ертеде қобызды бақсылар күдіретті күш ретінде пайдаланған . Қазір , ішектері сымнан жасалған төрт ішекті түрі бар .

ҚЫЛҚОБЫЗ





– көп ішекті аспап . « Жетіген » - « Жеті қазына », « Жеті хан », « Жеті және ән » сөздерінің бірігуінен құралған деген пікірлер бар . Аспап тұтас ағаштан ойылып жасалып , шанағы көн терімен қапталады .
Тиек орнына асық қойылады .

Жетіген





Дауылпаз

– ұрып ойналатын аспаптар .
Аңға шыққанда, діни жоралғыларда,
жауынгерлік жорықтарда
пайдаланылған.



Дабыл



Даңгыра

- Көне тілшелі аспап . Ортасында сүйір тілшесі болады . Шаңқобыз өңделген ағаш таспалардан, темір текшелерден жасалған .

Дыбысы ұзындығы мен қалыңдығына байланысты өзгеріп тұрады .



Шаңқобыз




– сілкімелі аспаптар түріне жатады. Халық сілкімелі аспаптарды ұлттық билерді сүйемелдеу үшін қолданған.



Асатаяқтар



Асатаяқ



Сақпан



Қоңырау



Ұран


Үрлеп ойналатын аспаптардың *мүйіз сырнай , ұран , сыбызғы , сазсырнай , тастауық , үскірік , желбуаз* деген түрлері кездеседі .Сазсырнай – саздан жасалған , қоңыр үнді болып келеді . Үскірік үні құстың дауысына ұқсас . Бұл аспаптармен халық әндерін орындаған .



Сыбызғы



Үскірік



Сазсырнай



Желбуаз





Болат Сарымбаев (1927 – 1985)

Профессор, зерттеуші, оқытушы. 1978 жылы
«Қазақтың музыкалық аспаптары»
атты жинағы жарық көрген.

Тарихым әннің сазында
Әні : Талғат Нағашыбаев
Сөзі : Асқар Кіребаев

- 1 . Қазақтың киіз үйінде ,
Бұралған сұлу биінде .
Тарихтың сыры жатқандай ,
Сыршылда терең күйінде .

Қайырмасы :

Домбыра сырлас егізім ,
Сыралғы мұңдас қобызым .
Сызылған саздан жаралған ,
Адамдық менің негізім .

- 2 . Қайыңның тартып безінен ,
Қасиетті саз боп бекіген .
Сыңғырлап сазды саз төгер ,
Жеті ішекті жетіген .

Қайырмасы :



Бекіту :

« Ақбаян » халық әні



Қорытындылау

Бағалау

Үйге тапсырма беру: Ән жаттау. Аспаптарды қайталау.